

## ИНТЕРНЕТ ЖЕЛІСІНДЕГІ ТЕРРОРИЗМ

Оразханова Н.К.,<sup>1</sup>

<sup>1</sup>ағылшын тілі мұғалімі №44 мектеп

2 курс магистранты Абылай хан атындағы ҚазХҚжӨТУ,

Алматы, Қазақстан

e-mail: [nazorazkhanova@gmail.com](mailto:nazorazkhanova@gmail.com)

**Андатпа.** Мақалада терроризм идеологиясын тарату үшін Интернет желісіндегі террористік ұйымдардан туындайтын қазіргі заманғы проблемалардың бірі ретінде кибертерроризмнің ерекшеліктері қарастырылды. Интернет террористік ұйымдарға идеологиялық жұмыс жасау үшін жақсы орта. Ол террористік топтардың қызметін басқару, қаражат жинау және жаңа мүшелерді тарту, жалдау үшін жүзеге асырылатын виртуалды кеңістікте "автономды ұяшықтарды" құруға үлкен мүмкіндіктер береді. Террористік ұйымдар құрған сайттардан басқа, әлеуметтік желілердегі парақшаларды, авторлық блогтар мен интернет-форумдарын, сондай-ақ сараптамалық беттер террористердің интернеттегі мүшелерімен өзара әрекеттесуін ұйымдастыруға арналған байланыс алаңдары болып табылады. Экстремистер "жиһад"идеяларын насихаттайтын жүздеген бейнероликтер еркін қолжетімді танымал бейне порталдары кеңінен тараған және өздерінің қылмыстық мақсаттары үшін белсенді пайдаланады. Осылайша, соңғы 20 жыл ішінде террористік ұйымдар Интернеттің барлық сегменттерінде орнықты және оны өз идеяларын таратудың негізгі құралы ретінде қолданады.

**Тірек сөздер:** Интернет, террористік және экстремистік қызмет, терроризм идеологиясы, экстремистік идеологияны насихаттау, Таяу Шығыс.

Елімізде халықаралық терроризм ауқымы, келтірген залалдары мен жиілігі бойынша адамзаттың үлкен проблемаларының біріне айналды. Соңғы жылдары елімізде орын алған террористік жағдайлар — Қазақ елі тарихында, өкінішке орай, өзіндік бір межелі кезең ретінде қалатын болды. Әрине, бұған дейін де ел тарихында экстремизм мен терроризммен бетпе-бет келген сәттер болды. Алайда, соңғы жылдары орын алған оқиға ел үшін дүрліктіріп қана қоймай, шет елдің де назарын өзіне аударды. Өзінің тұрақты әрі бейбіт жағдайы арқылы танылған Қазақстан үшін бұл оқиғалар қалай болғанда да күтпеген жағдай болған еді. Сондықтан болар, көпшілік қауымның біразының назарын тапа-тал түсте әскери бөлім мен полицияға шабуыл жасаған радикалдардың әрекеті қайран қалдырса, енді біразы осындай шабуылдардың жиілеп кеткеніне алаңдаулы.

Терроризм ол қазіргі заманның ең қауіпті және қиын болжанатын құбылыстарының қатарына жатады. Саяси астары бар бұл қылмыстың түрі интернет желісінде де кең етек алып келеді. Бұл халықаралық саясаттың бір бөлігі, сол себепті сырттан келетін қолдау арқылы іске асады. Террорлық ұйымдар ең алдымен идеологияларын дамытып, кітап, журнал, әлеуметтік желі және қолдарынан келгенше желі арқылы қатарларын адамдармен толықтырады. Терроризм әлемде 1960

жылдардың аяғында үлкен ауқымға ие бола басталы. 1) 1970 -1985 жылдар арасында Еуропада 3000-ға жуық террорлық актілер орын алды. 2) Латын Америкада - 1573. 3) Таяу Шығыста – 1330. 4) Солтүстік Америкада - 448. 5) 1986 жылдан бастап аталған аймақтарда терроризм қылмыстың 50-60 %-ын құрады [1]. Жыл өткен сайын террорлық актілерді асқан қатігездікпен, сан қилы жолдармен жасалынууда, нысанасы бейбіт тұрғындар. Террорлық іс-әрекетке кез-келген ұлттың өкілі, кез-келген діннің атын жамылған адамдар барады. Мысалы, 1970 жылдары террорлық актілердің 80%-ы мүліктік залал келтірсе, 20%-ы бейбіт тұрғындарға қастандық жасалынған.

Терроризм – идеология, доктрина, тіпті жүйелік пікір де емес. Бұл – стратегия. Олар бүкіл әлемді «жақсы» және «жаман» деп екі топқа бөліп, өздерін «жақсы» категориясына жатқызады. Лаңкестік әрекеттерді іске асыру үшін міндетті түрде сценарий дайындап, «а» және «б» жоспарын жасайды. Терроризм жарқын болашақ пен жаңа мүмкіндіктерге үміттендіреді. Бұлыңғыр болса да үнемі саяси мақсат-мүддесі болады [2]. Бұл адамзатқа арналған қылмысты бейтараптандыру қажет. 30 жылдан астам күресте межелі бір жүйесі жоқ, шешімі аз күрес болып отыр.

Террористер желіде құрған топтары терроризм идеяларын насихаттауға, террористік материалдарды таратуға, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарын немесе телекоммуникация желілерін пайдалана отырып таратуға ыңғайлы орта. Американдық ғалым Дэн Вертон (Dan Verton, 'Қара мұз көзге көрінбейтін кибертерроризмнің қауіпі (Black Ice: The Invisible Threat of Cyberterrorism) атты кітабында террористік ұйымдардың барлау базасын құрғандығын сөз етеді, олар барлау базасын шабуылға тиімді пайдаланады. Мысалы: “Аум Синрике” – бұл жапондық террористік ұйым компьютерлік бағдарлама ойлап тауып, полиция қызметкерлерінің іс-әрекеттерін, хабарламаларына барлау жасап, полиция автокөліктердің маршрутына тыңшылық жасаған 1995 жылы Токио метросына аталмыш террористік топ (зарин) газбен шабуыл жасаған.[3] Террористердің Интернет желісіндегі іс-әрекеттерін келесі топтарға бөлуге болады: 1. “Активизм” – бұл интернет желісін заңды түрде қолдана отырып терроризм идеяларын насихаттау өз жақтастарын көбейту, кең ауқымды аудиторияға тарату. 2. Хаккерлік терроризм - жекелеген компьютерлерді істен шығару, құпия деректерді алу мақсатында қолданады. 3. Кибертерроризм – бұл компьютерлік шабуыл жасау, инфрақұрылымдық ақпараттық нысаналарға шабуыл жасау түрі [4].

Кибертеррористердің негізгі мақсаты инфрақұрылымдық аса маңызды объектілерін (көлік, атом энергетикасы, электр желілері және т.б.) басқару жүйелерін істен шығару болып табылады. Сонымен қатар, шабуыл компьютерлік жүйелермен шектелмейді, қалалардың тіршілігін қамтамасыз ету объектілеріне (электр желілері, жылумен

жабдықтау жүйесі), әуе, теңіз, өзен және теміржол көліктеріне, атом энергетикасына және т.б. әсер етеді, оған дәлел Stuxnet вирусы айқын көрсетті.

1970 жылдың соңы 1980 жылдың басы «компьютерлік терроризм» пайда бола бастады. Мекемелердің жұмысына зиян келетін компьютерлік программаларға және компьютер желілеріне рұқсатсыз, төте кіріп бұзатын болды. Компьютер технологиясының және әлемдік ғаламтор желісінің пайда болуы адамдар арасында жаңа бір ағартушылық пен жақсылықтың нышаны іспеттес болды, алайда ол өзімен бірге жаңа қауіптіде ала келді.

Ғаламтор террористердің өз мақсаттарына жету үшін таптырмас құрал болып табылады. Лаңкестердің заманауи желілерді пайдалануда ақпараттандыру, қаржыландыру, желі құру, вербовка, ақпарат жинау секілді құралдарды пайдаланады.

«Кибертерроризм» түсінігі аясында ақпараттық жүйені бұзу, адамдардың өміріне қауіп төндіру, материалдық шығын келтіру мағынасы кіреді. Терроризм жөніндегі сарапшы К.Хиршман кибертерроризмге былай анықтама береді. Кибертерроризм - «субұлттық топтар, заңсыз әрекет ететін тұлғалар тарапынан бейтарап нысанаға қасақана, саяси астары бар, ақпаратты компьютерлік программаларды, компьютерлік жүйені ашуға шабуыл жасау» [5].

БҰҰ сарапшылары «киберқылмыс» термині «кез-келген компьютерлік жүйе немесе желі арқылы, электронды ортада жасалатын қылмыс. Сонымен қатар, киберқылмыс компьютерлік техника құралдарын өңделген ақпарат үшін Интернетті пайдалану арқылы жасалатын қоғамдық қауіпті әрекет» деген анықтама берді [6].

1999 ж. көктемде Югословияда әскери қақтығыс кезінде жергілікті хакерлер САКУ (НАТО) компьютерлік желі басқару жүйесін тоғытуға және саяси бағытталған портал желісін басып алу мақсатымен Альянс штаб-пәтеріне шабуыл жасаған. Қарсылас екі тарапта Ғаламтор желісін ақпарат таратуға, үгіт-насихат жүргізуге, қарсыласқа тойтарыс беруге, жаңа жақтастарды тартуға пайдаланған.

Дж.П.Рубин АҚШ мемлекет департаменті өкілі «Ғаламтор желісі арқылы Сербия халқы Милочевичтің режимі Косовадағы адамзатқа жасалынған қатігездік туралы ащы шындықты білетін болады» - деп мәлімдейді [7].

Кибертеррористері халықаралық ұйымдарды (ӘСҰ, ХВФ, БҰҰ, НАТО), заңшығарушы билікті, экономикалық мекемелерді, университеттерді, қоғамдық ұйымдардың, қаржы құрылымдарын нысанаға алады. Әсіресе, әскери басқарма нысандарын, азаматтық инфрақұрылымын, ядролық күштердің командалық нысандары, АЭС, әуежайлар т.б. нысанаға алады. Компьютерлік хакерлердің араласуы бір мемлекеттің дұрыс жұмыс істеуіне кедергі келтіреді [8-9]. Осыдан информтерроризм мен киберсоғыс болуы мүмкін деген қауіп туады. «Американы күйрету үшін жиырма білікті хакер мен бір миллиард доллар жеткілікті» деген ұйғарым бар.

Кейбір зерттеушілер 2001 жылы 11 қыркүйекте болған оқиғада Нью-Йорк әуежайы кибершабуылға ұшыраған. Ал Усама бен Ладеннің жылдар бойы іздеуде болуы, оның «Promis» программасы болған. Бұл программа АҚШ-тың мемлекеттік ақпараттық желісіне тікелей кіруге американдық тыңшылардың жұмысын бақылауға болатын программа деседі.

Компьютерлік террористі ұстау және бейтараптандыру қиын. Жер шарының кез-келген жерінде тұрып мыңдаған шақырым қашықтықта белгілі нысанға әрекет етуі мүмкін.

2000 жыл 1 мамыр Азияда (Манила қалашығында) Ғаламтор желісіне компьютерлік «I love you» вирусы енгізілді. Бірнеше секундтар ішінде ғаламшарға тарап үлгерді. Есеп бойынша 7 миллиард доллар шығын алып келген. Сонымен қатар террорист бір немесе бірнеше компьютерден әрекет етуі мүмкін, ол қай жерде шабуыл жасалынғанын анықтау қиынға түседі. Ақпараттық технологияның дамуы ғаламтор желісін пайдаланатын кез-келген тұтынушы бактериологиялық, химиялық, ядролық қарудың әдіс-тәсілін, жасалу технологиясын және жерасты коммуникациясы кестесін, тұтынушылардың жеке мәліметін білуге толық мүмкіндігі бар. Бұл дәлел үлкен қауіп төндіреді. Массачусетс технология институтының студенті үй жағдайында атом бомбасын дайындап көрсеткен, ол дайындау технологиясын ғаламтор желісінен алғанын мәлімдейді.

Ақпараттық технологияның дамуы терроризмді насихаттау да қарқынды жүреді, ұйымдарды басқару, қаржыландыратын жеке тұлғаларды іздеу, электронды және үнпарақтар арқылы жаңа террористерді тарту технологиямен бірге қарқынды дамуда. Усама бен Ладеннің ресми өкілі өз мүдделері үшін аталғандарды қолданған. «Аль-Джазира» телеарнасынан берілген Усама бен Ладеннің ақпараттық хабарламасынан кейін биржалық индекс түсіп, мұнай бағасы көтеріліп отыратын.

Терроризм жеке мемлекет мәселесі емес, халықаралық мәселеге айналуы, террористер қару ретінде пайдаланатын зақымдайтын заттардың көбеюмен байқалады. Террористер бұрын қолдан немесе зауыттан жасалынған қаруды, жарылғыш заттарды пайдаланса, қазір шетелдік заманауи қару түрлерін пайдалана алады.

АҚШ-тағы 11 қыркүйектегі оқиға әлемдік қоғамдастық алдында маңызды мәселені қойды: жоғары электронды қарудың, ғарыштан бақылаудың, стелс көрінбейтін ұшақтардың, ұстаудың НОРАД радарлық-командалық жүйесінің керегі не? Егер террористер тек жарылғыш затпен қаруланып кез-келген жерде жарылыс ұйымдастыра алса...

Осы мәселеге сәйкес 1995 жылы Токияда метрода болған оқиға дәлел. Жаппай қырып жою қарудың түрі «Аум-Сенрике» діни сектаның мүшелері зертханада жасаған жоғары улы зарин қоспасын адамдарды улау үшін пайдаланған. Жапония және шетел азаматтарын қосқанда 5500 адам зардап шекті. Құзырлы органдардың жылдам әрекет жасауынан аз адам зардап шеккені белгілі, 40 мың адамға жетуі мүмкін еді.

Сарапшыларды биологиялық терроризмнің келешегі алаңдатады. Бұл гендік инженерияның дамуымен тығыз байланысты. Бір ағзадан екінші

ағзаға генді екінші хромосомаға көшіру өте қауіпті, бұл белгісіз құраммен басқа өмірдің формасы ретінде зерттелуде. Әрине жаңа формалар қатарында бактериялар болуы мүмкін. Ол бактериялар ағзаға медицинада жоқ ауруларды туғызуы әбден мүмкін.

Биологиялық және химиялық уландырғыш заттарды жасайтын қоспалардың арзандығы алаңдатады. Эпидемия немесе пандемия екенін анықтау, жасанды немесе табиғи екенін анықтау қиын.

Осылайша ХХІ ғасыр іңдетіне айналған терроризм құбылысы қауіпті де қатерлі. Мемлекеттік органдар мен құқық қорғау құрылымдарының терроризм мен экстремизмге қарсы күресте атқарып жатқан іс-шаралары қоғам тарапынан жан-жақты қолдау тапқан кезде ғана нәтиже беретіні іс жүзінде дәлелденген. Бірақ, ол үшін Қазақстандағы заңдарды бұлжытпай орындау қажет.

### ӘДЕБИЕТ

[1] Хоффман Б. Терроризм. Взгляд изнутри. - М: УльтраКультура, 2003.

[2] Галиев А.А., Сакенова А.М. Южная Корея: опыт социально-политической модернизации // Известия КазУМОиМЯ им. Абылай хана. Серия «Международные Отношения и Регионоведение». –2018. – №1 (19).

[3] Шаймарданова З.Д. Основные теории изучения миграции // Известия КазУМОиМЯ им. Абылай хана. Серия «Международные отношения и регионоведение». – 2020. – № 2. – С.7-12.

[4] Шаймарданова З.Д. Трансформация подходов к обеспечению безопасности // Известия КазУМОиМЯ имени Абылай хана”, серия “Международные отношения и регионоведение”. - 2018. - № 4.- С.7-13.

[5] Hirsehmann K. The changing face of terrorism. – IPG. - 2000 - № 3. - P. 308.

[6] Рассолов И.М. Права и интернет. - М., 2019. - 257 б.

[7] Dauletova G.O., Baissultanova K.Sh. International cooperation of Kazakhstan and China in the field of education in the framework of "One belt - one way" in online mode // Известия КазУМОиМЯ им. Абылай хана. Серия «Международные Отношения и Регионоведение». –2020. – № 4 (42).

[8] Галиев А.А., Сакенова А.М. Южная Корея: опыт социально-политической модернизации // Известия КазУМОиМЯ им. Абылай хана. Серия «Международные Отношения и Регионоведение». –2018. – №1 (19).

[9] Laqueur W. Postmodern Terrorism // Foreign Affairs. – 2019. - Vol.75. № 55. - P.35.

### REFERENCES

[1] Khoffman B. Terrorism. Vzglyad iznutri. (Terrorism. Inside view ). - M: Ul'tra Kul'tura, 2003.

[2] Galiyev A.A., Sakenova A.M. Yuzhnaya Koreya: opyt sotsial'no-politicheskoy modernizatsii. (Southern Korea: experience of social-political modernization). // Izvestiya KazUMOiMYa im. Ablai khana. Seriya «Mezhdunarodnyye Otnosheniya i Regionovedeniye». – 2018. – №1 (19).

[3] Shaimardanova Z.D. Osnovnyye teorii izucheniya migratsii. (Basic theories in reseach of migration). // Izvestiya KazUMOiMYa im. Ablai khana. Seriya «Mezhdunarodnyye otnosheniya i regionovedeniye». – 2020. – № 2. – S.7-12.

[4] Shaimardanova Z.D. Transformatsiya podkhodov k obespecheniyu bezopasnosti (Transforming security approaches). // Izvestiya KazUMOiMYa imeni Ablai khana”, seriya “Mezhdunarodnyye otnosheniya i regionovedeniye”. - 2018. - № 4.- S.7-13.

[5] Hirsehmam K. The changing face of terrorism. – IPG. - 2000 - № 3. - R. 308.

[6] Rassolov I.M. Prava i internet. (Rights and Internet). - M., 2019. - 257 b.

[7] Dauletova G.O., Baissultanova K.Sh. International cooperation of Kazakhstan and China in the field of education in the framework of "One belt - one way" in online mode // Izvestiya KazUMOiMYa im. Ablai khana. Seriya «Mezhdunarodnyye Otnosheniya i Regionovedeniye». –2020. – № 4 (42).

[8] Galiyev A.A., Sakenova A.M. Yuzhnaya Koreya: opyt sotsial'no-politicheskoy modernizatsii. (Southern Korea: experience of social-political modernization). // Izvestiya KazUMOiMYa im. Ablai khana. Seriya «Mezhdunarodnyye Otnosheniya i Regionovedeniye». – 2018. – №1 (19).

[9] Laqueur W. Postmodern Terrorism // Foreign Affairs. – 2019. - Vol.75. № 55. - P.35.

## **ТЕРРОРИЗМ В СЕТИ ИНТЕРНЕТ**

Оразханова Н.К.,<sup>1</sup>

<sup>1</sup>преподаватель английского языка №44 школа

Магистрант 2 курса ФМО КазУМОиМЯ им.Абылай хана, Алматы,  
Казахстан

[nazorazkhanova@gmail.com](mailto:nazorazkhanova@gmail.com)

**Аннотация.** В статье рассматриваются особенности кибертерроризма как одна из проблем современности, которые возникают из террористических организаций сети. Интернет для распространения идеологии терроризма. Интернет представляет большие возможности террористическим организациям формировать в виртуальном пространстве «автономные ячейки», в которых осуществляется идеологическая работа, управление деятельностью таких групп, сбор денежных средств для её существования и рекрутирование новых членов. Кроме сайтов, созданных террористическими организациями, коммуникативными площадками для организации взаимодействия террористов с потенциальными членами в Интернете являются страницы в социальных сетях, авторские блоги и интернет-форумы, страницы экспертов. Не оставляют без внимания и активно используют экстремисты в своих преступных целях известные видеопорталы, где в свободном доступе располагаются сотни видеозаписей, пропагандирующих идеи «джихада». Таким образом, за последние 20 лет террористические организации прочно обосновались во всех сегментах Интернета и используют его в качестве основного инструмента по распространению своих идей.

**Ключевые слова:** Интернет, террористическая и экстремистская деятельность, идеология терроризма, пропаганда экстремистской идеологии, Ближний Восток.

## **TERRORISM ON THE INTERNET**

Orazhanova N.K.,<sup>1</sup>

<sup>1</sup>English teacher, 44 secondary school

2nd year Master’s of degree of Abylai Khan KazUIRandWL,  
Almaty, Kazakhstan

e-mail: [nazorazkhanova@gmail.com](mailto:nazorazkhanova@gmail.com)

**Annotation.** The article considers the features of cyberterrorism as one of the problems of our time that arise from terrorist organizations to spread the ideology of terrorism on the Internet. The Internet provides great opportunities for terrorist organizations to form "autonomous cells" in the virtual space, in which ideological work is carried out, the management of the activities of such groups, the collection of funds for its existence and the recruitment of new members. In addition to sites created by terrorist organizations, communication platforms for organizing the interaction of terrorists with potential members on the Internet are pages in social networks, author's blogs and Internet forums, and expert pages. The extremists do not ignore and actively use well-known video portals for their criminal purposes, where hundreds of videos promoting the ideas of "jihad" are freely available. Thus, over the past 20 years, terrorist organizations have firmly established themselves in all segments of the Internet and use it as the main tool for spreading their ideas.

**Keywords:** Internet, terrorist and extremist activities, ideology of terrorism, propaganda of extremist ideology, Near East.

*Статья поступила 19.03.2021*